

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 98 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 216 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 4 мамырда № 38640 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 98 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 желтоқсанда № 33716 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 278-бабының 12, 13, 14, 16-тармақтарына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 278-бабының 12, 13, 14, 16-тармақтарына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға (бұдан әрі – көрсетілетін мемлекеттік қызмет) қосымша Келісім жасасу кезінде мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайды. Осы Қағидалар Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға қолданылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актімен бекітілген, өзгертілген және (немесе) толықтырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның көрсетілу тәртібі туралы ақпаратты өзектендіріп, Мемлекеттік корпорацияға және мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға жібереді.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі";

5, 6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қатты пайдалы қазбалар бойынша "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

6. Көрсетілетін қызметті алушы Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – ЖҚПБП) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы өтінішті (онда келісімшартқа енгізуге ұсынылған өзгерістер, олардың негіздемесі және өтініш бойынша шешім қабылдау үшін қажет өзге де мәліметтер жазылған) және Тізбенің 10 -тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды (сараптама комиссиясының қарауына) ұсынады.

Өтінішті ЖҚПБП-да тіркеген кезде көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұраудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Құжаттары қоса тіркелген өтініш ЖҚПБП-да бірегей есептік нөмірлер беріліп, тіркелу күні мен уақыты (сағат, минут) көрсетіліп тіркеледі.

7. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы дұрыс емес құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде көрсетілетін қызметті алушының ЖҚПБП жеке кабинетіне осы Қағидаларға берілген 3-қосымшаға сәйкес нысанда өтінішті әрі қарай қараудан дәлелді бас тартуын (бұдан әрі – Дәлелді бас тарту) жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсетілу сатысы туралы деректерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 "Мемлекеттік

көрсетілетін қызметтің көрсетілу сатысы туралы деректерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

8. Көрсетілетін қызметті алушы талап етілетін құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды ЖҚПБП арқылы сараптама комиссиясы мүшелерінің жеке кабинеттеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптау комиссиясының қарауына жібереді.";

12-тармақ алып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті алушы ЖҚПБП арқылы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (жұмыс тобының қарауына) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған өтінішті (онда келісімшартқа ұсынылатын өзгерістер, олардың негіздемесі және өтініш бойынша шешім қабылдау үшін қажетті өзге де мәліметтер баяндалған) және Тізбенің 10-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсынады.";

16, 17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Келіссөздер нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

Жұмыс тобының хаттамасына жұмыс тобының барлық қатысушылары отырыс өткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ЖҚПБП арқылы ЭЦҚ көмегімен қол қояды.

17. Тізбенің 11-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға ЖҚПБП арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 -бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру үшін тыңдауды өткізу уақыты және орны (тәсілі) туралы хабарландыру жолдайды.

Тыңдауды өткізу туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының ЖҚПБП жеке кабинетінде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын орналастырылады. Тыңдау хабарлама орналастырылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 11-тармағында көрсетілген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының ЖҚПБП жеке кабинетіне дәлелді бас тартуды жібереді.

Инвесторлар тізіліміне енгізілген инвесторларға қатысты келісімшарттың қолданылу мерзімін ұзартуға қатысты бөлігінде бас тарту үшін негіздер бар болған

кезде көрсетілетін қызметті беруші дәлелді бас тартуды жасап, оны ЖҚПБП арқылы Бас прокуратураға келісуге жібереді.

Бас прокуратура алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылданған шешіммен келіседі немесе келісуден бас тартады.

Бас прокуратурамен келісу қорытындылары бойынша қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті беруші инвесторлар тізіліміне енгізілген көрсетілетін қызметті алушыны Бас прокуратураның жауабы келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

18. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштерін қозғайтын болса, жұмыс тобының шешімі негізінде көрсетілетін қызметті беруші ЖҚПБП арқылы көрсетілген жобаны экономикалық сараптамаға қол қойылғанға дейін жібереді.

Бұл жағдайда көрсетілетін қызметті алушы "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасына экономикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 530 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17057 болып тіркелген) 3-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын экономикалық сараптамаға кейіннен жолдау үшін көрсетілетін қызметті берушіге ЖҚПБП немесе электрондық құжатайналым жүйесі арқылы ұсынады.

Қайта экономикалық сараптама жүргізілген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы экономикалық сараптамаға келісімшартқа енгізілетін толықтырудың пысықталған жобасын ЖҚПБП арқылы дербес жолдауға құқылы.

19. Жұмыс тобы мақұлдаған келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар жобасын және осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасын алған көрсетілетін қызметті алушы ЖҚПБП арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасуға (қол қоюға) көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған өтінішті және Тізбенің 10-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде Қосымша келісімнің жобасын ұсынады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі";

осы Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің 2026 жылғы
30 сәуірдегі № 216
Бұйрыққа қосымша
"Жер қойнауын
пайдалануға арналған
келісімшартты өзгерту
туралы қосымша
келісім жасасу" мемлекеттік
қызметті көрсету
қағидаларына
1-қосымша

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

--	--	--

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жок.
3.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.
4.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілі	Жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы (бұдан әрі – ЖҚПБП).
5.	Мемлекеттік қызмет көрсемемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	1) Өтініштің дұрыстығын қарау және сараптама комиссиясына енгізу – 5 жұмыс күні. 2) Сараптама комиссиясын қарау – 20 жұмыс күні. 3) Көрсетілетін қызметті берушінің сараптама комиссиясының ұсынымы негізінде шешім қабылдауы – 5 жұмыс күні. 4) Жұмыс тобының қарауы – 2 ай. Тараптардың келісімі бойынша мерзім ұзартылуы мүмкін. 5) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісімге қол қою – 20 жұмыс күні.
6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісім не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.
8.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі.
		1) ЖҚПБП – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, мереке және демалыс күндері жүгінген кезде

<p>9.</p>	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.); 2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикадағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 8.00-ден 17.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.</p>
		<p>1) Жер қойнауын пайдалану жөніндегі сараптама комиссиясының қарауына жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу мәселелері: көрсетілетін қызметті алушы туралы ақпаратты өзгерту кезінде: көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерге өзгерістер енгізу қажеттілігін растайтын құжаттар; көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерге өзгерістер енгізуді көздейтін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымшаның жобасы; көрсетілетін қызметті алушының өтінішке қол қоюға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері. Жер қойнауын пайдалану құқығы және жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлес ауысқан жағдайда: жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толықтыру жобасы; жер қойнауын пайдалану құқығы соның негізінде алынатын құжаттың электрондық көшірмесі; жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын пайдалану</p>

құқығындағы үлесті) алушы туралы мәліметтерді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; сатып алушының Кодекс талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

егер жер қойнауын пайдалану құқығына (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлеске) кепілмен ауыртпалық салынса (ауыртпалық салынса) кепіл ұстаушының келісімінің электрондық көшірмесі;

жер қойнауын пайдалану құқығын барлық бірлескен иеленушілер келісімінің электрондық көшірмесі;

көрсетілетін қызметті берушіден жер қойнауын пайдалану құқығының (жер қойнауын пайдалану құқығындағы үлестің) ауысуына рұқсат;

көрсетілетін қызметті алушының өтінішке қол қоюға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Барлау кезеңін ұзартқан кезде: жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның бағалауды талап ететін минералдану (пайда болу) табылғаны туралы қорытындысы электрондық түрде; мемлекеттік және орыс тілдерінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың жобасы;

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 262 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16874 болып тіркелді) (бұдан әрі – Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрық) сәйкес тиісті нысан бойынша жасалған, мемлекеттік және орыс

тілдеріндегі жұмыс бағдарламасы жобасының Excel форматындағы электрондық нұсқасы;
ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеменің электрондық көшірмесі;
ұзарту кезеңіндегі жұмыстар жүргізу және шығыстар туралы жазбаша негіздеменің электрондық көшірмесі;
көрсетілетін қызметті алушының өтінішке қол қоюға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері.
Өндіру кезеңін ұзартқан кезде:
жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толықтыру жобасы;
Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның сараптамалық қорытындысы;
Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасы жобасының Excel форматындағы электрондық нұсқасы;
ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеменің электрондық көшірмесі;
ұзарту кезеңінде жұмыстар жүргізу және олардың шығыстары туралы жазбаша негіздеменің электрондық көшірмесі;
көрсетілетін қызметті алушының өтінішке қол қоюға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері.
Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) шекаралары өзгерген кезде:
ұсынылатын өзгертулер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеменің электрондық көшірмесі;
мемлекеттік және орыс тілдерінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа

10.

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың жобасы; жер қойнауы учаскелерінің шекаралары ұлғайған жағдайда: Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасы жобасының Excel форматындағы электрондық нұсқасы;

көрсетілетін қызметті алушының өтінішке қол қоюға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде:

ұсынылатын өзгертулер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеменің электрондық көшірмесі;

мемлекеттік және орыс тілдерінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасы;

Жұмыс бағдарламасының нысанын бекіту туралы бұйрыққа сәйкес жасалған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жұмыс бағдарламасы жобасының Excel форматындағы электрондық нұсқасы;

көрсетілетін қызметті алушының өтінішке қол қоюға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Осы Қағидаларда көзделмеген жағдайларда:

ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі туралы жазбаша негіздеменің электрондық көшірмесі;

өзгерту енгізуді көздейтін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа толықтыру жобасы; көрсетілетін қызметті алушының өтінішке қол қоюға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері.

2) Жұмыс тобының қарауы үшін:
жер қойнауын пайдалану құқығы
ауысқан кезде:

жұмыс тобына ұсыну үшін
сараптама комиссиясының
ұсынымына сәйкес сұралған
құжаттар;

мемлекеттік және орыс тілдерінде
жер қойнауын пайдалануға
арналған келісімшартқа
енгізілетін өзгерістер мен
толықтырулардың жобасы;
негізінде жер қойнауын пайдалану
құқығы алынатын құжаттың
көшірмесі;

өтініштерді қарау кезінде
ұсынымдар әзірлеу мақсатында
көрсетілетін қызметті берушінің
ж а н ы н д а ғ ы

консультативтік-кеңесші орган
болып табылатын жер қойнауын
пайдалану мәселелері жөніндегі
сараптама комиссиясының
ұсынымдары негізінде берілген
көрсетілетін қызметті берушінің
оң шешімі.

Барлау кезеңін ұзартқан кезде:
жұмыс тобына ұсыну үшін
сараптама комиссиясының
ұсынымына сәйкес сұралған
құжаттар;

мемлекеттік және орыс тілдерінде
жер қойнауын пайдалануға
арналған келісімшартқа
енгізілетін өзгерістер мен
толықтырулардың жобасы;

Жұмыс бағдарламасының
нысанын бекіту туралы бұйрыққа
сәйкес жасалған, мемлекеттік
және орыс тілдеріндегі жұмыс
бағдарламасы жобасының Excel
форматындағы электрондық
нұсқасы;

барлау жоспарының мемлекеттік
экологиялық сараптамасының
Қазақстан Республикасының
Экологиялық кодексіне сәйкес
қорытындысы (дәлелді бас тартуы
) және/немесе рұқсаты;

бекітілген және сараптамалардың
оң қорытындыларын алған барлау
жоспары;

көрсетілетін қызметті алушының толықтыру жасасуға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

Өндіру кезеңін ұзартқан кезде: жұмыс тобына ұсыну үшін сараптама комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітілген және сараптамалардың оң қорытындыларын және/немесе рұқсаттарын алған тау-кен жұмыстарының жоспары;

бекітілген және сараптамалардың оң қорытындыларын алған тау-кен жұмыстарының жоспары;

бекітілген және сараптамалардың оң қорытындыларын алған жою жоспары (жобасы);

Жер қойнауы учаскесінің (учаскелерінің) шекаралары өзгерген кезде:

жұмыс тобына ұсыну үшін сараптама комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар;

геологиялық бөлу (қатты пайдалы қазбаларды (бұдан әрі – ҚПҚ) барлауға арналған келісімшарт бойынша ұсынылады) немесе тау-кендік бөлу (ҚПҚ өндіруге арналған келісімшарт бойынша ұсынылады);

бекітілген және мемлекеттік органдар келіскен тау-кен жұмыстарының жоспары (өндіруге арналған келісімшарт бойынша) немесе барлау жоспары (барлауға арналған келісімшарт бойынша);

бекітілген және мемлекеттік органдар келіскен жою жоспары (жобасы).

Келісімшарттың жұмыс бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде:

жұмыс тобына ұсыну үшін сараптама комиссиясының ұсынымына сәйкес сұралған құжаттар, ұсынылатын өзгерістер мен толықтырулардың қажеттілігі

туралы жазбаша негіздеменің электрондық көшірмесі;
бекітілген және мемлекеттік орган сараптамаларының оң қорытындыларын/рұқсаттарын алған жою жоспары (жобасы) (ҚПҚ өндіруге арналған келісімшарт аясында ұсынылады);
бекітілген және мемлекеттік орган сараптамаларының оң қорытындыларын/рұқсаттарын алған тау-кен жұмыстарының жоспары (ҚПҚ өндіруге арналған келісімшарт аясында ұсынылады);
бекітілген және мемлекеттік органдар келіскен барлау жоспары (ҚПҚ барлауға арналған келісімшарт аясында ұсынылады);
көрсетілетін қызметті алушының толықтыру жасасуға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Қағидаларда көзделмеген жағдайларда:

сараптау комиссиясының жұмыс тобының қарауына ұсыну туралы ұсынымына сәйкес сұратылған құжаттар.

3) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу (қол қою) үшін:

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы қосымша келісімнің жобасы көрсетілетін қызметті алушының қолы қойылған және мөрімен расталған 3 (үш) данада мемлекеттік және орыс тілдерінде; көрсетілетін қызметті алушының толықтыру жасасуға өкілеттігін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

Жұмыс тобына ұсынылатын барлық құжаттар, жұмыс тобының хаттамасы, сондай-ақ жұмыс тобының хаттамасымен ұсынуға сұралатын құжаттар (хаттамада көзделген жағдайда).

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда көрсетілген

11.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	<p>деректердің (мәліметтердің) шындыққа сәйкес еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) бар болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған шешімінің бар болуы;</p> <p>5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы;</p> <p>6) сараптама комиссиясының ұсынымдары.</p>
12.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі жанындағы бірыңғай байланысу орталығы: 1465.

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 2-қосымша Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

**Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер
енгізу туралы өтініш (сараптама комиссиясының қарауына)**

Осы өтінішпен _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану
құқығын
иеленуші (келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) _____ (жеке тұлғаның
тегін,
атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету)
(ұсынылған өзгерістерді көрсету) сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-
тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы
хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес
ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді
пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі:

- 1) _____
- 2) _____

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сынан алынған деректері;
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қою күні және уақыты.

20 __ жылғы " __ " _____ сағат ____ минут.

"Жер қойнауын пайдалануға
арналған келісімшартты өзгерту
туралы қосымша келісім
жасасу" мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

**Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішті одан әрі
қараудан дәделді бас тарту**

(көрсетілетін қызметті алушының атауы)

(орталық мемлекеттік орган)

Сіздің 20__ жылғы " __ " _____ № _____ өтінішіңізді қарастырып,

(бас тарту себебі) хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сынан алынған деректері;

20 _ жылғы " _ " _____ сағат ____ минут.

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім жасасу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 4-қосымша Нысан

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы өтініш (жұмыс тобының қарауына)

Осы өтінішпен _____ келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын

иеленуші (келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) _____ (жеке тұлғаның тегін,

атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету)

(ұсынылған өзгерістерді көрсету) сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі:

1) _____

2) _____

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сынан алынған деректері;

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қою күні және уақыты.

20 _ жылғы " _ " _____ сағат ____ минут.

"Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы қосымша келісім

жасасу" мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
5-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
берушінің атауы)

**Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты өзгерту туралы
қосымша келісім жасасуға (қол қоюға) өтініш**

Осы өтінішпен _____ (келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын иеленуші (келісімшарттың нөмірі мен тіркелген күні) _____ (жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда)/ заңды тұлғаның атауын көрсету) Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа қосымша келісім жасасуды сұрайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 4-тармағына сәйкес анық емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы хабардармын.

Ұсынылған деректердің дұрыс екенін растаймын.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтінішке қосымша беріледі:

Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сынан алынған деректері;
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қою күні және уақыты.

20 _ жылғы " _ " _____ сағат _____ минут.